



SANTO

Member of Polpharma Group

ƏДЭП КОДЕКСІ





Құрметті әріптестер,

Біз 2015 жылы Santo Member of Polpharma Group Әдеп Кодексін енгізген кезде оның жай ғана ережелер жүйесі емес, Polpharma Тобының жанды ортақ құжаты екенін білдік. Біздің компания Орталық Азияда жұмыс істейді. Бұл қарқынды дамып келе жатқан аймақ болғандықтан, біздің құндылықтарымыз бен қағидаттарымыз айналадағы өзгерістерге сай болуы тиіс. Біз күн сайын жасанды интеллект, климат өзгерістері және қоғамдық нормалар сияқты жаңа сын-қатерлермен – технологиялық жетістіктермен бетпе-бет келеміз.

Әртүрлі мәдениет пен дәстүрлер тоғысатын Орталық Азияда Әдеп Кодексі осы қиындықтарды шешуге мүмкіндік беретін өмір үшін маңызды жол картасы ретінде қолданылады. Біздің компания адамдарға саламатты әлемде салауатты өмір сүруге көмектесу қабілетімен дараланады. Біздің іскерлік және экономикалық мақсаттарымызға жету этикалық қағидаттар мен құндылықтарға деген мызғымас бейілділікті талап ететінін түсінеміз.

Жаңартылған Әдеп Кодексі жаңартылған қағидаттар тізімі ғана емес. Ол біздің үнемі даму үстіндегі уақытымызды және жаңа құндылықтарға деген адалдығымызды көрсетеді. Ол жетекші фармацевтикалық компания ретінде біздің ерекше жауапты екенімізді көрсетеді және ең озық әдеп стандарттарын ұстануға қатысты міндеттеміздің бар екенін растайды.

«Біз әрдайым заманауи технологиялар көмегімен сапалы дәрі-дәрмектер жасай отырып, әр отбасының денсаулығын қамқорлыққа алып, қасыңыздан табыламыз» – біздің миссиямыз, ол біздің мақсатымызды айшықтап, рөліміз бен жұмыс орнымызға қарамастан бәрімізді біріктіреді. Бұл жаңа Әдеп Кодексі SANTO Member of Polpharma Group құрамындағы әр адамның кеудесіне мақтаныш ұялатып, қауіпсіздік және бірлік сезімін сыйлайды деп үміттенемін. Ол сондай-ақ біздің миссиямызға сәйкес қоршаған ортаны және қоғамды қорғау ісіне беріктігімізді нығайта отырып, біздің іскери серіктестеріміз бен мүдделі тараптарымызға қызмет етуі тиіс.

SANTO Member of Polpharma Group ұйымын сенімді және жауапты ететін қағидаттар мен ортақ іске деген айнамас адалдықтарыңыз үшін алғысымыз шексіз.

Ізгі тілектермен,

Адхам Алексеюк
SANTO Member of Polpharma Group
Бас директоры



Әдеп кодексі <https://santo.kz/ethics/> сайтында көпшіліктің назарына ұсынылған.

Әдеп кодексінде баяндалған кейбір мәселелер SANTO компаниясында қолданылатын нақты рәсімдермен реттеледі

Мазмұны

Біз туралы	7
Әдеп кодексінің мақсаттары	9
Әдеп кодексі кімге қолданылады?	11
Біздің қызметіміздің мәні неде?	11
SANTO компаниясының негізгі әдеп қағидаттары	13
Тұлғааралық қатынастарда	17
Іскерлік қатынастарда және әлеуметтік ортада	19
Басшылықтың ұстанымы	27
Әдеп тұрғысынан күмәнді жағдайларда не істеу керек?	29
Бұзушылықтар туралы хабарлама	31



Біз туралы

«Химфарм» АҚ («SANTO Member of Polpharma Group») тарихы 1882 жылы екі көпес Иванов пен Савенков Шымкент қаласында (Қазақстан) дәрмене жусаннан гельминтке қарсы «Сантонин» дәрілік препаратын өндіретін зауытты салған кезден басталады.

1918 жылы зауыт өсімдік шикізатынан алынатын фармацевтикалық субстанциялардың ірі өндірушісіне және Кеңес одағындағы есірткі заттарының жалғыз өндірушісіне айналды. 1993 жылы зауыт акционерлік қоғам болып қайта құрылды. Сол кезде «Химфарм» АҚ дайын дәрілік нысандарды өндіруді бастады. 2011 жылдан бастап SANTO қызметін Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орта Азия нарықтарында жүзеге асыратын Польша компанияларының халықаралық тобына кірді. Жаңа мәртебесінің арқасында компания инвестициялар мен заманауи технологияларға қол жеткізіп, өндірісті толыққанды жаңғырту жұмысын бастады.

Бүгінгі таңда біз кәсіби командамыздың күш-жігерінің арқасында Орталық Азияның фармацевтикалық нарығындағы жетекші компанияға айналдық, қолжетімді және сапалы дәрілік заттарды әзірлейміз, өндіреміз және жеткіземіз.

Біз өз қызметіміздің барлық салаларына инновациялық шешімдерді өндірудеміз. Біз әлемдік деңгейдегі технологияларды және өндірістің ең жоғары стандарттарын қолданамыз. Біз ғылымды дамытуға, сондай-ақ санитариялық білімге және профилактикаға мүдделіміз. Бізге пациенттер, дәрігерлер және іскери серіктестер сенім артады.

Біз SANTO Member of Polpharma Group компаниясымен жұмыс істейтін барлық адамдардың сенімінен күш аламыз. Біз олардың өркендеуіне және мақсаттарына жетуіне жағдай жасаймыз, сонымен қатар өзімізге, компанияға және қоршаған ортаға пайда әкелеміз.



Әдеп кодексінің мақсаттары

Біз адамдардың ауруды еңсеруіне және денсаулықтарын сақтауына жәрдемдесетін компания ретінде бізге қандай жауапкершілік жүктелетінін түсінеміз. Біздің өнімдерді пайдаланатындардың барлығына білім мен тәжірибе ұсынамыз. Біз күнделікті жұмысымызбен бізге артылған сенімді сақтауға тырысамыз.

Кодекске енгізілген әдепті мінез-құлық декларациясы бізге күш-жігер береді және шешімдерімізді қалыптастырады. Пациенттер мен іскери серіктестер үшін бұл – бизнес жүргізудің адал және әлеуметтік қолайлы ережелерін қолданудың кепілі.

Кодекс SANTO-ның өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын және технологиялық, әлеуметтік және экологиялық сипаттағы заманауи мәселелерді шешетін әлеуметтік жауапты ұйым ретіндегі беделін қалыптастырады.

Біз қоршаған ортаға және іскери серіктестерімізге оң ықпал етуге тырысамыз. Біз ең жоғары құқық және әдеп стандарттарды құрметтеу мен сақтауда толық өзара қарым-қатынасқа ұмтыламыз.



Әдеп кодексі кімге қолданылады?

SANTO компаниясы жалдаған және бізбен байланыста болатын кез келген адам Кодекстің ережелеріне сәйкес әрекет етуге міндетті. Сондықтан біз басқа компаниялар мен ұйымдардан ынтымақтастықты, Әдеп кодексінің ережелерін сақтайды және өз қызметін адал және заңға сәйкес жүргізеді деп күтеміз.

Әдеп кодексі – лауазымына, өтіліне, жұмыс орнына және жұмыс кестесіне қарамастан біздің компанияда жұмыс істейтін әрбір адамның міндеті. Сондықтан біз Кодекстегі қағидаттарды тек еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдар ғана емес, сонымен қатар азаматтық-құқықтық шарттар, уақытша жұмысқа орналасу шарттары бойынша бізбен ынтымақтастық орнатқан немесе SANTO компаниясына қызмет көрсететін үшінші тарап компанияларынан іссапарға жіберілген адамдар да біліп, орындағанын қалаймыз.

Біздің қызметіміздің мәні неде?

Біздің миссиямыз: «**Біз дені сау адамдардың дені дұрыс әлемде өмір сүруіне көмектесеміз**». Оның негізінде көптеген жылдар бойы SANTO компаниясын құрған адамдардың жеке және кәсіби көзқарастарының әсерімен қалыптасқан әдеп қағидаттары және бизнес мақсаттарға жетуде арқау болған құндылықтар жатыр.

Әдеп кодексінің күші қолданылатын адамдар ретінде:

- біз өз қызметімізді жүзеге асыратын елдердің ұлттық заңнамасын сақтаймыз,
- біз ішкі және сыртқы қатынастарда Әдеп кодексінде белгіленген стандарттарға сәйкес әрекет етеміз,
- біз корпоративтік рәсімдерді орындаймыз,
- біз Компанияның құндылықтарын басшылыққа аламыз және жұмысымызды солар бойынша бағалаймыз,
- біз өзіміз өмір сүретін және жұмыс істейтін орта үшін жауапты екенімізді сезінеміз, сондықтан біз оны өз қамқорлығымызға аламыз,
- біз жұмыс орнындағы жағымсыз мінез-құлыққа бір кісідей қарсы тұрамыз – біз SANTO компаниясында қабылданған заңға немесе әдеп ережелеріне қайшы келетін мінез-құлықты байқаған сайын назарсыз қалдырмаймыз,
- біз заңды немесе әдеп нормаларын бұзатын оқиғалар туралы хабарлаймыз,
- көзіміз жеткен жағдайларда біз Әдеп кодексін жақсартатын немесе SANTO компаниясында әдеп мәдениетін құруды қолдайтын шешімдерді ұсынамыз.

Егер ұлттық заңнама компанияның Әдеп кодексі мен рәсімдерінен өзгеше болатын жағдай туындаса, біз әрқашан қатаңырақ ережелерді ұстанамыз.



SANTO компаниясының негізгі әдеп қағидаттары

Құрмет

Ең бастысы – адам. Біз лауазымдарына қарамастан барлық адамдарға және олардың жұмысына құрметпен қараймыз. Бізбен жұмыс істейтін және бізге жәрдемдесетін, сондай-ақ біздің өнімдерімізді пайдаланатын адамдармен қарым-қатынастарымыз өзара сыйластыққа негізделеді. Біз барлық адамдардың әртүрлілігі мен қадір-қасиетіне құрметпен қарайтын, кемсітпейтін және басқа әдепсіздіктен бойын аулақ ұстайтын жұмыс ортасын құруға тырысамыз. Біз жұмыс орнының қызметкерлердің дамуына және олардың кәсіби және жеке амбицияларын жүзеге асыруға ықпал еткенін қалаймыз. Біз жеке өмірге қол сұқпау құқығын құрметтейміз және жеке өмір мен кәсіби өмір арасындағы тепе-теңдікті ұстанамыз.

Әділдік пен әдалдық

Заңнама ережелерін қатаң сақтау SANTO компаниясының сенімділігі мен беделінің арқауы болып табылады. Біз жұмыс істейтін барлық елдердегі қызметкерлер қолданыстағы заңнаманы білуге және сақтауға міндетті.

Біз үшін әдалдық дегеніміз – бұл қолданыстағы әдеп ережелері мен озық тәжірибелерге сәйкес әрекет ету. Бұл біздің нарықтағы қызметіміз бен бәсекелестігімізден, сондай-ақ біздің өнімдерімізді дәріптейтін әдал және сенімді жарнамадан көрініс табады.

Жауапкершілік

Біздің жұмысымыз көптеген адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететінін біле отырып, бәріміз жұмыс орнымыз бен орындалатын тапсырмалардың сапасы үшін жауапты боламыз. Біз өз міндеттемелерімізді әдал және дұрыс орындауға тырысамыз. Компания мүлкіне ұқыпты қараймыз және оны төтенше тәуекелдерден қорғаймыз. Міндеттемелерді, коммерциялық құпияны ұстана отырып және ақпараттың құпиялылығын сақтай отырып, біз сенімге ие болатын және сенімді ақтайтын ұйым құрамыз.

Біз өнімдеріміздің қауіпсіздігі мен сапасына ерекше назар аударамыз. Біз өзіміз өндіретін өнімдердің, атап айтқанда өмірлік маңызды препараттардың адамдар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезінеміз.



Жанашырлық

Басқаларға жанашыр болу ісімізге және парызымызға деген деген адалдық ретінде қарастырылады. Біз науқастарға және әртүрлі аурулардан зардап шегетін адамдарға көмек пен қолдау көрсетеміз. Біз фармацевтикалық нарықтың ең биік стандарттарына сәйкес келетін терапиялық шешімдерді үнемі жетілдіруге тырысамыз.

Ынтымақтастық

Біз SANTO компаниясының барлық қызметкерлері мен іскери серіктестерінің білімі мен жан-жақты құзыреттілігіне негізделген ұжымдық жұмысты бағалаймыз, сондықтан әр адамның күнделікті бейілділігіне ризашылығымызды білдіреміз. Біздің компанияның ұстанымы SANTO компаниясы жұмыскерлерінің тәжірибесіне, сондай-ақ олардың инновация негіздері болып табылатын жаңа идеяларды қабылдауына негізделген.

Біз үшін ашық қарым-қатынас пен диалогтың маңызы зор. Біздің мақсатымыз – сындарлы түрде келісімге қол жеткізу және әріптестік қатынастар құру. Біз бір-бірімізді қолдаймыз және ортақ мақсаттарға жетуге тырысамыз. Адамдар, командалар және SANTO құрамына кіретін барлық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық біздің нарықтағы жетістігіміздің себебі болып табылады. Бұл сонымен қатар іскери және әлеуметтік серіктестермен өзара тиімді қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Негізгі әдеп қағидаттары біздің көзқарастарымызды айқындайды және компанияның діңгегін құрайды. Оларға сүйеніп, біз ұйымдық мәдениетімізді қалыптастырамыз және әдеп қағидаттарының әрқасында бизнес мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін ұйымдық құндылықтарды жасаймыз.

Сондықтан біз өз жұмысымызды тек бизнес нәтижелері бойынша ғана емес, сонымен қатар ұйымдық құндылықтар негізінде бағалаймыз.



Тұлғаралық қатынастарда

Біз алға жылжу, кәсіби даму және еңбекақы төлеудің тең мүмкіндіктерін ұсынамыз

Біз SANTO компаниясымен жұмыс істейтін және тілеулес адамдардың дамуы мен кәсіби қанағаттануына ықпал ететін жұмыс жағдайларын қамтамасыз етеміз. Біз адамдарды әрекет етуге ынталандырамыз. Біз таланттар мен қабілеттерді дамыту өрісін кеңейтеміз. Біз сыйақылар мен бонустар жүйесін объективті өлшемшарттар негізінде белгілейміз. Командалардың жетекшілері нақты өлшемшарттарға сүйене отырып, жұмысты мұқият және дұрыс бағалайды. Біз кәсіпқойлықты, тәжірибені және жұмыс нәтижесін бағалаймыз. Біздің мәнсап жолымыз тек компанияның қажеттіліктеріне, жұмыс нәтижелеріне және қойылған міндеттерді орындауға деген қызығушылыққа бағытталады. Бұл жерде әңгіме кәсіби даму мүмкіндіктері туралы. Жекелеген лауазымдарға қойылатын құндылықтар мен талаптарға сәйкес компанияда іске асырылатын білім мен дағдыларды жетілдіру бағдарламаларына қол жеткізуді қамтамасыз етеміз.

Біз адамның қадір қасиетін құрметтейміз және жан жақтылығын бағалаймыз

Біздің мәдениетіміз жынысына, жасына, этникалық тегіне, ұлтына, дініне, жынысына, сыртқы түр-түсіне, денсаулығына, физикалық мүмкіндіктеріне немесе қызметкерлер арасындағы айырмашылықтың кез келген басқа қырына қарамастан барлығына бірдей болуды көздейді. Біз әртүрлілікті күш ретінде қабылдаймыз. Күнделікті жұмысымызда біз компанияның барлық қызметкерлерінің, сондай-ақ клиенттеріміз бен іскери серіктестеріміздің бай және жан-жақты тәжірибесін пайдаланамыз. Біз басқалардың пікірін құрметтейміз, даму көздері мен қиындықтарды еңсеру және білім алмасу жолдарын іздейміз. Біз бірігу бостандығын құрметтейміз.

Біз адамдардың қадір-қасиетіне қол сұғушылыққа, соның ішінде тұлғаға нұқсан келтіретін, қорлайтын дәрежелікке, кемсітушілікке, өрескел мінез-құлдыққа қарсы тұрамыз. Біз халықаралық конвенцияларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеуге тырысамыз. Бізбен байланыстағы адамдардың жеке ақпаратын қорғаймыз және жария етпейміз. Жала жабудан бойымызды аулақ ұстаймыз. Біз адамның өзін-өзі төмен бағалауына, оқшаулануына немесе ұжымнан шеттетілуіне бағытталған кез келген қудалау немесе қорқыту әрекеттеріне үзілді-кесілді қарсы боламыз. Айырмашылықтарымызға қарамастан, біз бір-бірімізді құрметтейміз және әдептен озбаймыз.

Біз әділдік қағидатына сүйеніп, барлығымен жұмыс істейміз және өзара әрекеттесеміз.

Біз әділ және озық тәжірибе үлгілеріне сәйкес жұмыс істейміз. Біз SANTO компаниясының беделін сақтайтын кәсіби деңгейде өзара әрекеттесеміз. Біз алдау, ашық айтпау немесе әдейі жаңылыстыру сияқты әдепсіздіктерден бойымызды аулақ ұстаймыз.



Біз қабылданған шешімдер туралы шынайы хабарлаймыз және қол жеткізген жұмыс нәтижелерін ашық талқылаймыз. Біз үміт-тілектеріміз бен алға қойылған міндеттерге қатысты ақпарат береміз. Біз серіктестік пен достық қарым-қатынастарын орнықтыруға ықпал ететіндей білімімізбен бөлісеміз. Біз компанияға пайда әкелуге және қолдайлы ортаны қалыптастыруға ықпал ететін белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізуде ынтымақтастық пен өзара қолдауға арқа сүйейміз.

Еңбектің қауіпсіз және салауатты жағдайларын ұсынамыз.

Біз үшін еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің жанымыздағы жандардың денсаулығы – бірінші орында. Біз жекелеген жұмыс орындарындағы қауіпсіздік пен денсаулықты қорғауға қатысты ережелер мен қағидаларды сақтаймыз. Біз осы саладағы заң талаптарының шеңберінен асып, еңбек жағдайларын одан сайын жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Біз хабардарлықты қалыптастырамыз және адамдарды жұмыста абай болуға шақырамыз, соның ішінде олардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жағдайлардан сақтандырамыз.

Біз SANTO компаниясының беделін ойлаймыз.

Өзара құрмет пен сенімді басшылыққа ала отырып, біз қызметкерлеріміздің жеке өмірін қорғау құқығын құрметтейміз. Бұл ретте біз жұмыстан тыс мінез-құлқымыздың SANTO компаниясының беделі мен имиджіне әсер ететінін білеміз. Қоршаған ортамен қарым-қатынаста біз компанияның беделіне нұқсан келмеуін ойлаймыз. Компания бренді мен құндылықтарын құрметтейміз. Біз SANTO компаниясы туралы кез-келген ақпарат БАҚ беттеріне тек уәкілетті адамдар арқылы түседі деген ережені ұстанамыз. Толық қағидалар интернеттегі және әлеуметтік желілердегі желідегі әдеп арқылы байланыс орнату қағидаларын реттейтін біздің рәсімімізде (Желідегі әдеп) көрсетілген.

Іскерлік қатынастарда және әлеуметтік ортада

Біз өз міндеттемелерімізді орындаймыз

Біз өзімізге алған міндеттемелерімізді орындау үшін бар күшімізді саламыз. Клиенттердің және іскери серіктестердің қауіпсіздігін, сондай-ақ бізбен жұмыс істейтін адамдармен сенімді қарым-қатынас орнатуды ойластыра отырып, орындалмайтын уәде бермейміз.

Біз SANTO компаниясының активтерін қорғаймыз

Біз кәсіби парасаттылықты жоғары қоямыз. Біз бәріміз SANTO компаниясының активтерін дұрыс пайдалануға және оларға қатысты ысырапшылдықтың немесе оларды дұрыс пайдаланбаудың алдын алуға жауаптымыз. Компания активтеріне негізгі құралдар мен басқа да жылжымалы мүлік, қызметтік ақпарат, сауда белгілері



және басқа да материалдық емес активтер, барлық қолма-қол қаражат және ақша қаражаты кіреді, бірақ олармен шектелмейді. Жұмыс уақыты – тиімді пайдалануды талап ететін тағы бір маңызды актив. SANTO компаниясының активтері компанияда жұмыс істейтіндер мен олармен байланыстағы тұлғалардан өз міндеттерін дұрыс орындауды талап етеді. Біз оларды қолданылатын рәсімдеріне қайшы келетін тәсілмен жеке мақсатта пайдаланбаймыз. Біз қабылданған мінез-құлық стандарттарына сәйкес келмейтін барлық жағдайларға ашық түрде қарсы тұрамыз.

Біз зияткерлік меншік пен коммерциялық құпияны құрметтейміз

Біз құпия ақпаратты, соның ішінде алдыңғы жұмыс берушілерден немесе жеткілікті құқығымыз жоқ кез келген басқа ақпарат көздерінен алынған электронды түрде жазылған ақпаратты пайдаланбаймыз. Біз SANTO компаниясы туралы коммерциялық, техникалық немесе ғылыми ақпаратты қорғаймыз және оның ашылуы компанияға зиян тигізуі мүмкін болса, жария етпейміз. Біз оларға бөгде адамдардың қол жеткізуіне немесе пайдалануына жол бермейміз. Дәл осылай біз клиенттеріміз және іскери серіктестеріміз ұсынатын құпия ақпаратты қорғаймыз және жария етпейміз. Біз тиісті құқықтарымыз жоқ қандай да бір нысандарда шығарылатын үшінші тұлғалардың зияткерлік өнімдерін пайдаланбаймыз.

Біз ашық жұмыс істейміз

Біз заңды құрметтеуге және оның талаптарын орындауға қатаң қараймыз. Біз іскери операцияларды және басқа бухгалтерлік операцияларды дәл және ашық түрде құжаттаймыз. Біз қаржылық нәтижелер туралы есеп береміз және тәуелсіз аудиттерден өтеміз. Бізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сияқты тиісті ішкі рәсімдер де бар.

Мүдделер қақтығысын болдырмаймыз

Жеке немесе отбасылық мүдделер немесе басқа байланыстар компания мүдделеріне қайшы келетін болса, біз мүдделер қақтығысын тудырған әрекеттен немесе шешімнен бас тартамыз. Мүдделер қақтығысының бар-жоқтығына күмән туындаған жағдайда, біз заң және нормативтік реттеу бөліміне жүгінеміз. Мүдделер қақтығысын басқарудың егжей-тегжейлі қағидадары Мүдделер қақтығысын басқару саясатына енгізілген.

Біз ешқандай артықшылықтар бермейміз және қабылдамаймыз

Біз іскерлік қатынастар орнату немесе қолдауға ие болу үшін артықшылықтар ұсыну немесе сұрау арқылы SANTO компаниясының беделіне қауіп төндірмейміз. Біз саясаткерлерге, мемлекеттік лауазымды тұлғаларға, аудиторларға, ұйымдардың және басқа органдардың қызметкерлеріне олардың қызметтік міндеттері шеңберінде белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе одан бас тартуға итермелейтін қандай да бір артықшылықтарды тікелей немесе жанама түрде ұсынбаймыз немесе қабылдамаймыз. Медицина қызметкерлері үшін жарнамалық қызмет шеңберінде біздің ұсынатын артықшылықтарымыз – қолданыстағы заңнамада рұқсат етілген шектерде – нақшытық сипатта ғана болуы тиіс және қабылданған тәжірибеге сәйкес келуі тиіс. Біз заңды ресми түрде бұзбайтын, бірақ қоғам теріс қабылдауы мүмкін, мұндай артықшылықты алушының теріс реакциясын тудыруы мүмкін немесе қандай да бір жолмен SANTO компаниясының беделіне қауіп төндіретін артықшылықтарды ұсынбаймыз.



Медициналық қызметкерлерге заңмен рұқсат етілген қызметтерді көрсеткені үшін ұсынылатын сыйақы біліктілігі мен жұмыс көлеміне сәйкес келуі керек. Ол нарықта қабылданған мәннен аспауы тиіс.

Біздің қызметкерлер іскерлік сыйлықтарды қолданыстағы жергілікті заңдарда және стандартты тәжірибелерде рұқсат етілген дәрежеде ғана қабылдай алады, бұл ретте сыйлықтар кездейсоқ немесе жарнамалық сипатта ғана болуы тиіс және өзара міндеттемеге немесе белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе белгілі бір әрекеттерді орындаудан бас тартуға әкелмеуі тиіс. Сыйлықтардың құндылығы және оларды алғаннан кейінгі іс-қимылдар тәртібі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қоса, SANTO компаниясының тиісті ішкі ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

Біз қонақжайлылық шеңберінен шықпаймыз

Қонақжайлылық қонақ күту дәстүрлерімен және мәдениетімен шектелуі тиіс, өзара құрмет пен жақсы іскерлік әдет-ғұрыптардың көрінісі болуы үшін бар күшімізді саламыз. Біз заңсыз ықпал ету болып саналатын ештеңені ұсынбаймыз.

Жарнамалық жиналыстар мен ғылыми іс-шаралар кезінде дәрігерлер мен фармацевтерге қатысты қонақжайлылық көрсетуде заңда белгіленген шектеулерді ұстану қажет. Қонақжайлылық кездесудің мақсаты мен сипатына қатысты шектен шықпауы тиіс және бекітілген тәжірибені бұза алмайды. Біз қоғам теріс қабылдауы мүмкін, сый алушының теріс реакциясын тудыруы немесе SANTO компаниясының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қонақжайлылық әрекеттерінен аулақ болуға тырысамыз.

Біз бәсекелестік пен ізеттіліктің адал ережелерін ұстанамыз

Біздің саясатымыздың мәні – адал бәсекелестік пен монополияға қарсы реттеу ережелерін сақтау. Біздің жарнамалық қызметіміз ішкі рәсімдерді, соның ішінде оларды тексеру процесін қабылдау және қолдану арқылы қолданыстағы нормаларға сәйкес келетініне кепілдік береміз. Жарнамалық қызметте де адалмыз, тиісті шынайылықпен жұмыс істейміз және ешкімді жаңылыстырмаймыз.

Біз клиенттер мен іскери серіктестерге дұрыс емес немесе жалған ақпарат, сондай-ақ айқын емес немесе түсініксіз ақпарат беруді құптамаймыз.

Біз өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік береміз

Біз пациенттер мен тұтынушылар алдында өндіретін өнімдеріміздің сапасы, қауіпсіздігі және кедергісіз қол жетімді болуы үшін жауаптымыз. Біз мұны ең маңызды міндеттеме деп танымыз. Біз бұл туралы әзірлеудің, өндірудің, сақтаудың және өткізудің әр кезеңінде ұмытпаймыз. Біз тиісті халықаралық өндірістік тәжірибе стандарттарына сүйенеміз. Біз барлық қызметкерлердің өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы үшін ұжымдық жауапкершілікте болғанын және олардың күнделікті әрекеттері осы стандарттардың сақталуына ықпал еткенін қалаймыз.

Біз жеткізушілермен жақсы қарым-қатынас орнатамыз

Әлеуметтік жауапты компания ретінде біз жеткізушілеріміздің адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарын ұстануына, соның ішінде бала еңбегі мен мәжбүрлі еңбекке тыйым салуға, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, адал бәсекелестік қағидатына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоршаған



ортаны қорғауға үлкен мән береміз. Жеткізушілеріміздің бәрі SANTO компаниясының әдеп ережелерін білуі және сақтауы тиіс.

Біз бізбен байланыс орнатқысы келетін барлық субъектілердің объективтілігі мен теңдігі қағидатын басшылыққа аламыз. Біз сенімді ақпарат береміз және ынтымақтастық процесіне қатысты кез келген күмәнді жағдайды жедел айқындауға ұмтыла отырып, жеткізушілермен арадағы ынтымақтастықтың сапалы болуын бағалаймыз.

Біз жаңа технологияларға бет бұрамыз

Біз жаңа технологияларды, соның ішінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дамыту нәтижесінде туындайтын инновациялық шешімдерге жауапкершілікпен қараймыз. Біз оларды тек қолданыстағы заңнама шегінде және жеке тұлғаның қадір-қасиетін құрметтей отырып қолданамыз. Біз қандай болмасын тәсілмен алдауға немесе кемсітушілікке әкелуі мүмкін жаңа технологияларды қолданбаймыз.

Біз пациенттерімізді және медициналық қоғамды қолдаймыз

Біз пациенттердің заманауи диагностикаға қол жеткізуін жеңілдетіп, профилактикаға және денсаулық сақтау саласындағы оқытуды жеңілдетуге бағытталған бағдарламаларға қатысамыз. Біз осы саладағы медициналық қоғаммен ынтымақтастық орнатамыз. Медицина және фармацевция саласындағы ғалымдарды қолдаймыз.

Біз көршілерімізді сыйлаймыз

Біз жергілікті қауымдастықтармен өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа негізделген жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз өзара үміттер мен міндеттемелерді құрметтейміз. Біз осы аймақтағы қызметіміздің ауқымына сәйкес экономикалық, әлеуметтік және мәдени өсуге үлес қосу арқылы жергілікті қауымдастықтарды дамытуға қатысамыз.

Бізбен жұмыс істейтін және ынтымақтасатын әрбір адамды ынталандырамыз және әлеуметтік белсенділігін қолдаймыз. Біз қайырымдылық қызметі (соның ішінде дәрі-дәрмектерге қайырымалдыққа қаражат беру) және қызметкерлердің еріктілігі сияқты қоғамдық бастамаларға қолайлы орта құру арқылы ең мұқтаж адамдарға қамқорлық жасаймыз.

Қоршаған ортаны қорғаймыз

Біз қоршаған ортаның нашарлауы мен климаттың өзгеруіне байланысты қауіптердің туындайтынын түсінеміз. Біз оларды жоспарлау және бизнес-мақсаттарға жету кезінде ескереміз. Біз өз қызметімізді қоршаған ортаға теріс әсерді, біздің ықпал ету аймағымыздағы өмір сүру сапасы мен жағдайларының үнемі төмендеуін ескере отырып, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жүргіземіз. Тұрақты даму идеясына сүйене отырып, біз озық технологиялық шешімдерді қолданамыз, қоршаған ортаның сапасын сақтау үшін қоршаған ортаны қорғаудың ең биік стандарттарын қолданамыз. Біз өз командамызда экологиялық көзқарастарды қалыптастырамыз, айналамыздағы бізді қоршаған ортаны қорғаудың рөлін атап өтеміз. Біз қызметкерлеріміздің климатты қорғауға және жұмыста да, одан тыс жерлерде де қоршаған ортаны жақсартуға деген ұмытылыстарын бағалаймыз. Біз ең тұрақты жеткізу тізбегін құруды мақсат тұтып, мердігерлерімізге ықпал етуге тырысамыз.



Басшылықтың ұстанымы

SANTO компаниясындағы басқарудың барлық деңгейлеріндегі басқарушы персонал – бұл қарым-қатынасы мінсіз және қарамағындағыларға үлгі болуға тиісті адамдар.

Басшылар келесілерге жауапты болып саналады:

- қарамағындағыларға өз мақсаттары мен міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау, бұл әдеп құндылықтары мен ережелерге негізделген жұмыс орны мәдениетін қалыптастыруға көмектесу,
- SANTO компаниясымен жұмыс істейтін және ынтымақтасатын кез келген адаммен өзара әрекеттесу және жұмыс ортасындағы әдеп мәселелеріне тиісті назар аудару арқылы Әдеп кодексінде анықталған стандарттар мен мінез-құлық ережелерін күнделікті кәсіби тәжірибеде дәріптеу,
- барлық жұмыскерлерге Кодекспен танысуға мүмкіндік беру,
- өз құзыреті шегінде – қызметкерлер хабарлайтын әдеп проблемаларын шешуге қатысты барлық қажетті түсініктемелер мен ұсынымдар беру,
- SANTO компаниясымен жұмыс істейтін және онымен байланыстағы адамдардан бұзушылықтар немесе қол сұғу әрекеттері туралы хабарламалар алу,
- жалпы компания үшін де, SANTO компаниясымен жұмыс істейтін жеке немесе заңды тұлғалар үшін де жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін кез келген мінез-құлықты жауапсыз қалдырмау,
- әдеп проблемалары туралы хабарлаған қызметкерлерге қолдау көрсету, сондай-ақ қызметкерлерді оларға қатысты заңсыз әрекет ететін адамдар тарапынан құдалаудан қорғау.

Әдеп тұрғысынан күмәнді жағдайларда не істеу керек?

Әдеп кодексі SANTO компаниясының ережелері мен әдеп стандарттары туралы негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Алайда Әдеп кодексінің ережелері тиісті әдептілікті бағалау жүргізу үшін жеткіліксіз болатын жағдайлар туындауы мүмкін деп ойлаймыз. Мұндай жағдайларда мұндай күмәндарға қатысты тікелей басшыдан, кадрлар бөлімінен немесе заң және нормативтік реттеу бөлімінен түсініктемелер мен ұсынымдар алу құқығын қолдануға болады.

Егер қандай да бір жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы күмән туындаса, келесі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:

- Менің мінез-құлқым қандай да бір жағдайда SANTO-да қолданылатын заң ережелері мен рәсімдеріне сәйкес келе ме?
- Ол Әдеп кодексінде сипатталған әдеп құндылықтары мен ережелеріне сәйкес келе ме?
- Ол менің құндылықтарым мен мінез-құлық ережелеріме сәйкес келе ме? Мен өзімді осылай ұстағанда не сезінемін?
- Бұл мінез-құлық менің кәсіби міндеттерімді орындаған кезде қабылдайтын шешімдеріме әсер етуі мүмкін бе?
- Мен басқалардың күн сайын осылай әрекет еткенін қалаймын ба?
- Маған өзгелердің осындай көзқараста болғанын қалаймын ба?
- Менің мінез-құлқым туралы жақындарым естісе, не сезінер еді?
- Бұл жағдайға менің басшым және менімен бірге жұмыс істейтін басқа адамдар не дер екен?
- Бұл жағдай SANTO компаниясын қаржылық немесе имидждік зиянға қалдырмай ма екен?
- Егер бұл жағдай бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілсе, бұған менің жақындарым, менің әріптестерім, менің басшылығым, сондай-ақ SANTO компаниясының ортасы қалай қарайды? Сонда мен не сезінемін?

Әдеп кодексі әдеп стандарттары мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс үшін қажетті қолдауды ұсына отырып, біздің мінез-құлқымыздың негізін және стандарттарын анықтайды. Дегенмен қызметкерлер белгілі бір мінез-құлықтың SANTO компаниясының адал және сенімді іскери серіктес ретіндегі беделіне нұқсан келтірмейтінін, компанияға немесе оның имиджіне зиян келтіруі және тұтынушыларымызды өнімдерге қол жеткізу мүмкіндігінен айыруы мүмкін екенін өз бетінше бағалаулары тиіс.





Бұзушылықтар туралы хабарлама

Егер сіз Әдеп кодексі ережелерінің бұзылғанына куә болсаңыз (немесе оның ережелері бұзылған болар деп күдіктенсеңіз) жағдайды жақсарту үшін шаралар қабылдауға болады. Сондай-ақ қажетті қолдауға ие болу үшін тікелей басшымен ашық әңгімелесу кезінде хабарлауға болады. Егер сіз өзіңіздің басшыңызбен байланыса алмасаңыз немесе мәселенің сипатына байланысты мүмкін болмаса, тергеу жүргізетін Заң және комплаенс мәселелері жөніндегі өңірлік директорымен тікелей байланысуға кеңес береміз.

Заң бұзылған жағдайда, қолданыстағы хабардар ету рәсіміне сәйкес, біз бұл факт туралы Заң және комплаенс мәселелері жөніндегі бөліміне хабарлауға міндеттіміз.

Біз үшін әр хабарлама маңызды, сондықтан біз оны мұқият зерттеп, осы хабарламаны жіберген адамға тергеу нәтижелері туралы хабарлайтын боламыз.

Бұзушылық туралы хабарлаған адамдарға қарсы бағытталған әрекеттерге төзбеу

SANTO компаниясында біз заң ережелерін, Әдеп кодексін немесе компанияның басқа да рәсімдерін бұзу жағдайлары туралы хабарлаған адамдарға қатысты кемсітушіліктің немесе қудалаудың кез келген түріне жол бермейміз. Мұндай әрекеттерді жасаған адамға бөлек тәртіптік жаза қолданылады, бұл еңбек қатынастарының тоқтатылуына әкелуі мүмкін.

Әдеп кодексі «Химфарм» АҚ (SANTO Member of Polpharma Group) Бас директорының 2025 жылғы 28 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітіліп, 2025 жылғы 3 ақпанда күшіне енді.

Әдеп кодексінің күші қолданылатын барлық адамдар оның қағидаттарын сақтауға және жылына кемінде бір рет міндетті оқудан өтуге міндетті. Әдеп кодексі кемінде 3 жылда бір рет қайта қаралады.

SANTO

Member of Polpharma Group

ӘДЕП КОДЕКСІ

